

Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 716 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 622 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 12-бабы 15) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шарты бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 7 м а у с ы м д а ғ ы
№ 7 1 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шарты

Ескерту. Үлгі шартқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

_____ (қала) _____ (күні: күні, айы, жылы)
Бұдан әрі «Ұйымдастырушы» деп аталатын _____ атынан
(жергілікті атқарушы органның атауы)
_____ негізінде әрекет ететін
(қ ұ ж а т т ы ң а т а у ы)

_____ (жергілікті атқарушы орган өкілінің лауазымы)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

бір тараптан және бұдан әрі «Тасымалдаушы» деп аталатын _____ атынан

_____ (заңды тұлғаның атауы, ЖД)

_____ негізінде әрекет ететін

_____ (құжаттың атауы)

басшы _____,

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

екінші тараптан төмендегілер туралы осы Шартты жасасты.

1. Шарттың мәні

Ескерту. 1-тарау жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1.1. Ұйымдастырушы жалпы пайдаланымдағы тұрақты маршруттарға қызмет көрсету құқығын береді, ал тасымалдаушы өзіне төменде көрсетілген маршруттар бойынша тасымалдарға қызмет көрсету жөніндегі міндеттерді қабылдайды.

№	Маршрут нөмірі	Маршруттың атауы	Жұмыс істейтін автобустар, шағын автобустар, троллейбустар саны

2. Тараптардың міндеттері

2.1. Т а с ы м а л д а у ш ы :

2.1.1. Автокөлік құралдарының техникалық жарамды күйін қамтамасыз етуге және жай-күйі белгіленген техникалық, экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай емес автокөлік құралының маршрутқа шығуына жол бермеуге;

2.1.2. Автокөлік құралдары жүргізушілеріне алдын ала және кезеңділікпен, оның ішінде рейс алдында (ауысым алдында) медициналық тексеру жүргізілуін, олардың еңбек және тынығу режимінің сақталуын қамтамасыз етуге;

2.1.3. алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а _____ е н г і з і л е д і);

2.1.4. Багаждың уақтылы тасымалдануын және сақталуын қамтамасыз етуге;

2.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын ақысыз тасымалдауды жүзеге асыруға немесе оларға жол ақысы бойынша өзге де жеңілдіктер беруге;

2.1.6. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде маршруттың барлық аялдама пункттерінде – өз бетінше не жолаушылар агенттіктері, автовокзалдар, автостанциялар және (немесе) жолаушыларға қызмет көрсету пункттері арқылы жол жүру құжаттары (билеттер) мен багаж түбіртектерін сатуды, оның ішінде жол жүру құжаттары (билеттер) мен багаж түбіртектерін электронды түрде сатуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың жолаушыларда болуын бақылауды жүзеге асыруға.

Ескерту. 2.1.6-тармақша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2.1.7. Жолаушылар және багаж тасымалының тарифтерін жариялауға, оларды шарттарда, жол құжатында (билетте) және багаж түбіртегінде тіркеуге;

2.1.8. Жарияланған тарифтерді сақтауға және тарифтердің алдағы өзгеруі туралы жолаушыларды алдын-ала хабардар етуге;

2.1.9. Тасымалдауларды жүзеге асыру қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаны белгілеуге;

2.1.10. Тасымалдау үшін автобустардың, троллейбустардың және шағын автобустардың осы шартта көзделген санын және типін (класын) пайдалануға.

Ескерту. 2.1.10-тармақша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2.1.11. Маршрутта пайдаланылатын автобустардың, троллейбустардың және шағын автобустардың қозғалыс кестесін сақтауға.

Ескерту. 2.1.11-тармақша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2.1.12. Белгіленген талаптарға сәйкес автобустарда, троллейбустарда, шағын автобустарда маршруттар көрсеткіштерінің, салондарда – жолаушылар үшін қажетті ақпарат тізбесінің болуын қамтамасыз етуге.

Ескерту. 2.1.12-тармақша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2.1.13. Автокөлік құралдарын шұғыл ден қоятын жедел қызметтерді шақыру құрылғыларымен жабдықтауға.

Ескерту. Үлгі шарт 2.1.13-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он

күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi).

2.1.14. Тасымалдауды ұйымдастырушыға ақпарат бере отырып, автокөлік құралдарын қозғалыс жылдамдығы, маршрутының және кестесiнiң сақталуы туралы деректердi нақты уақыт режимiнде үздiксiз беру құрылғыларымен ж а б д ы қ т а у ғ а .

Ескерту. Үлгi шарт 2.1.14-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкiметiнiң 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн он күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi).

2.1.15. Ұлттық стандарттарды сақтауға мiндеттi.

Ескерту. Үлгi шарт 2.1.15-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкiметiнiң 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн он күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi).

2 . 2 . Ұ й ы м д а с т ы р у ш ы :

2.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушыларды отырғызудың және түсiрудiң белгiленген пункттерiн ресiмдеудi және күтiп-ұстауды қамтамасыз етуге;

2.2.2. Автобустардың, шағын автобустардың, троллейбустардың белгiленген қозғалыс кестесiнiң сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

Ескерту. 2.2.2-тармақша жаңа редакцияда - ҚР Үкiметiнiң 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн он күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi).

2.2.3. Тасымалдаушыны жол жүрiсi жағдайының, тасымалдың, маршруттар сызбасының және қозғалыс кестесiнiң өзгеруi туралы уақтылы хабардар етуге;

2.2.4. Күнтiзбелiк он күн iшiнде Тасымалдаушының маршруттарда туындайтын проблемалар бойынша өтiнiшiн және тасымалдарды жетiлдiру бойынша ұсыныстарын қарауға және оларды шешу үшiн шаралар қабылдауға мiндеттi.

2-1. Маршрутта пайдаланылатын автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды жаңарту жөнiндегi талаптар

Ескерту. Үлгi шарт 2-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкiметiнiң 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн он күнтiзбелiк күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi).

2-1.1. Тасымалдаушы екi жылдан аспайтын уақыт өткен соң маршрутта пайдаланылатын автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды осы шарттың 1-қосымшасына сәйкес жаңартуға мiндеттi.

3. Тараптардың құқықтары

3.1. Т а с ы м а л д а у ш ы :

3.1.1. Ұйымдастырушыға тарифтерді және жолаушылардың жол жүру құнын, қозғалыс кестелерін өзгерту және маршруттарда жолаушыларға қызмет көрсету деңгейін арттыруға бағытталған басқа да шаралар бойынша негізделген ұ с ы н ы с т а р б е р у г е ;

3.1.2. Қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай тынығуға және еңбек ж а ғ д а й ы н а ;

3.1.3. Жолаушылардың қоғамдық тәртіпті және Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидасын сақтауын талап етуге құқылы.

3.2. Ұ й ы м д а с т ы р у ш ы :

3.2.1. Осы Шарт талаптарының бұзылғаны анықталған кезде Ұйымдастырушы белгіленген мерзімде оларды жоюға тасымалдаушыны міндеттеуге құқылы.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тасымалдаушымен осы Шарттың елеулі талаптары бұзылғаны үшін Ұйымдастырушы осы Шартты бір жақты тәртіппен бұзады. Бұл ретте Ұйымдастырушы ол туралы Тасымалдаушыны күнтізбелік он күн бұрын ал д ы н - а л а х а б а р д а р е т е д і .

Осы Шарттың елеулі талаптарының бұзылуы: маршрут тұрақтылығының төмендігі (айына жетпіс пайыздан кем); «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген міндеттің орындалмауына байланысты тасымалдаушының кінәсінен адам өлімі орын алған жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) болуы; осы шарттың 2.1.1-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды маршрутта бір жылда үш және одан көп р е т п а й д а л а н у ;

үшінші тараптарға маршрутта (маршруттарда) жұмыс істеу құқығын беру б о л ы п т а б ы л а д ы ;

жүргізушінің (жүргізушілердің) кінәсінен бір маршрутта адам өлімі болған жол-көлік оқиғасының (ЖКО) бір жыл ішінде үш және одан көп рет болуы; осы шарттың 2.1.1-тармағының талаптарын орындамау болып табылады.

Осы Шарт Конкурсқа қатысуға өтінімде жалған ақпарат ұсынылған факт анықтаған жағдайда да мерзімінен бұрын бұзылады.

Ескерту. 4.1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Шарттың ерекше талаптары және орындау тәртібі

5.1. Осы Шартқа кез келген толықтырулар мен (немесе) өзгерістер жазбаша түрде жасалады, екі тарап растайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

5.2. Кестелер, маршруттар бойынша қозғалыстың және тарифтік кестенің схемалары, сондай-ақ маршрутта пайдаланылатын автобустардың, троллейбустардың, шағын автобустардың типі (класы) мен саны осы шартқа 2-қосымшаға сәйкес жеке қосымшада келтіріледі.

Егер облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгілеген тариф тасымалдау, сондай-ақ жолаушылар мен багажды жеңілдікті шарттарда немесе тегін тасымалдау шығындарын жаппаса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шартта тасымалдаушыға өтем төлеу мөлшері мен мерзімдері көзделеді.

Ескерту. 5.2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5.3. Осы Шарттың орындалуы жөніндегі барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

5.4. Осы Шартта Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да талаптарды белгілеуі мүмкін.

5.5. Осы Шарт және оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді Тараптар үш і н м і н д е т т і б о л а д ы .

5.6. Осы Шарт бірдей заңды күші бар 2 данада жасалды.

5.7. Осы Шарттың түсіндірудің мазмұнын анықтау кезінде келіспеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда _____

(тілді көрсету)
мәтініндегі нұсқаның басым күші болады.

5.8. Осы үлгі шарттың 2.1-тармағының 2.1.13. және 2.1.14-тармақшаларының талаптары 2015 жылдағы 1 қаңтардан бастап жасалатын шарттарға қатысты қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Ескерту. Үлгі шарт 5.8-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Шарттың қолданылу мерзімі

6.1. Осы Шарт кемінде 3 жыл мерзімге жасалады:

Қолданылуының басталуы _____

Қолданылуының аяқталуы _____

6.2. Осы шартқа 1-қосымшаға сәйкес маршрутта пайдаланылатын автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды жаңарту кезінде шарттың қолданылуы 10 жылға ұзартылады.

Ескерту. Үлгі шарт 6.2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Тараптардың заңды мекенжайлары және деректемелері

Ұйымдастырушы Тасымалдаушы
Қолы _____ Қолы _____
М.О. М.О.
Жолаушылар мен бағажды
автомобильмен тұрақты
тасымалдауды ұйымдастырудың
үлгі шартына
1-қосымша

Маршрутта пайдаланылатын автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды жаңарту бойынша кесте

Ескерту. Үлгі шарт 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды пайдалану мерзімі	Автобустар, шағын автобустар, троллейбустар саны*						
	2-3	4-6	7-10	11-15	16-25	26-50	51 және одан көп
7 жылға дейін	+	+	+	+	+	+	+
7 жылдан 12 жылға дейін	50%	25%	20%	20%	20%	20%	20%
12 жылдан 15 жылға дейін	-	25%	25%	25%	24%	22%	21%
15 жылдан астам	-	-	-	4%	6%	10%	15%

«+» - маршрутта автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды пайдалануға рұқсат етіледі;

«-» - маршрутта автобустарды, шағын автобустарды, троллейбустарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

* - автобустардың, шағын автобустардың, троллейбустардың жалпы санынан белгіленген пайыздық мәндегі автобустардың, шағын

автобустардың, троллейбустардың санын анықтаған кезде мәні 0,5 және одан көп болса, саны ұлғаю жағына қарай анықталады (1 автобус, шағын автобус, троллейбус).

Жолаушылар мен бағажды
автомобильмен тұрақты
тасымалдауды ұйымдастырудың
үлгі шартына
2-қосымша

Маршрут пен тарифтік кесте бойынша кестелерде, қозғалыс схемаларында қамтылған, сондай-ақ маршрутта пайдаланылатын автобустардың, троллейбустардың және шағын автобустардың типі (класы) және саны жөніндегі ақпарат

Ескерту. Үлгі шарт 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Автобустардың, троллейбустардың және шағын автобустардың кестелерінде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- 1) маршруттың атауы;
- 2) аялдама пункттерінің атауы;
- 3) аялдама пункттерінің бір-бірімен арақашықтығы;
- 4) рейс бойынша келу, тоқтап тұру, жөнелу, жүру уақыты, орташа жүру жылдамдығы бойынша бір бағытта және кері бөлу;
- 5) жылдық, тоқсандық, айлық, апталық немесе күндік өлшемдегі маршрутты жүзеге асыру мерзімділігі;
- 6) тасымалдаушының атауы;
- 7) мемлекеттік органның немесе жергілікті атқарушы органның атауы, лауазымды адамның тегі және аты-жөні және оның аталған органның мөрімен расталып қол қойылған күні көрсетілген қолы.

2. Автобустардың, троллейбустардың және шағын автобустардың қозғалыс сызбаларында мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- 1) маршруттың атауы;
- 2) аялдама пункттердің атауы;
- 3) тасымалдаушының атауы;
- 4) қауіпті учаскелер және олардың сипаттамасы;
- 5) мемлекеттік органның немесе жергілікті атқарушы органның атауы, лауазымды адамның тегі және аты-жөні және оның аталған органның мөрімен расталып қол қойылған күні көрсетілген қолы.

3. Тарифтік кестеде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- 1) маршруттың атауы;
- 2) аялдама пункттердің атауы;
- 3) тасымалдаушының атауы;
- 4) жолаушылардың жол жүру, багажды алып жүру және жолаушылардың жеңілдетілген жол жүру құны;
- 5) мемлекеттік органның немесе жергілікті атқарушы органның атауы, лауазымды адамның тегі және аты-жөні және оның аталған органның мөрімен расталып қол қойылған күні көрсетілген қолы.

4. Маршрутта пайдаланылатын автобустардың, троллейбустардың және шағын автобустардың типі (класы) бойынша ақпарат:

- 1) автобустың, троллейбустың және шағын автобустың мемлекеттік нөмірі;
- 2) автобустың, троллейбустың және шағын автобустың типі (класы);
- 3) автобустың, троллейбустың және шағын автобустың шығарылған жылы;
- 4) автобустардың, троллейбустардың және шағын автобустардың саны.